

**Тақырыбы:** Мен өз елімнің азаматымын.

**Мақсаты:** Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Балаларға патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру, өз ой - пікірін білдіре алатын азаматтарды тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

-Отан, туған ел туралы түсініктерін кеңейту;

-Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру;

-Отанын сүйеуге, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу

**Қасиеттер:** адамгершілік, шыншылдық, сүйіспеншілік

**Әдіс-тәсілдер:** Тыныштық сәттері, түсіндіру, сұрақ- жауап, әңгімелесу, әңгімелеу, өлең, сергіту, ойын, дәйексөз

**Ресурстар**(құралдар, мәліметтер):: дәптер,хрестоматия, көрнекілік суреттері, видеороликтер.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Тыныштық мезеті . Сіз табиғаттың ең көркем жерінде екенін елестеніз. Сіз жұмсақ, жасыл шөпте жалаң аяқ жүрсіз. Жасыл шөп сіздің аяғыңызды сипап жатқан сезімде боласыз . Күннің көзі жер бетін қыздыруда . Сіз гүлдің, шөптің және балдың иісін сезесіз (тыныштық). Тыңдайықшы өзеннің сыңғырлағанын, көңілді құстар ән салып жатқанын естиміз. Тыныштықта тұрып, өзімізді тыңдайық, табиғат-анамызды тыңдайық. Алақандарыңызды күннің көзіне жайыңыз.Күн көзі қаратар емес. Көк аспаннан ағатын жылы күннің сәулелерін сезіңіз (тыныштық).Ол лезде тұла бойымызға тарап кетті. Қазір біз , бізге өмір, денсаулық, қуаныш және жақсы көңіл күй сыйлаған Ана-Табиғатқа «Рахмет» деп айтамыз. Жаймен көзімізді ашайық. Сізге «тыныштық мезеті» ұнады ма? Табиғатта серуендегенде ол сізде қандай сезімді тудырды?	Балалар көздерін жұмып тыныштық сәтіне дайындалады.  Балалар алған сезімдерін әңгіме етеді.
<b>Ұйымдастыру-іздістіру</b>	<b>Әңгімелеу</b> <b>Менің Отаным</b> Әлі мектепке бармағанымен, Бекжан әріптердің қарасын түгел таниды. Дене бітімі арықтау болғанымен , бірақ жанары отты. Жеке сөздерді ежіктеп оқи да алады. Атасының еркесі, қасынан қалмайды. Кітап оқытып тыңдайды. Өзі асқан ұғымтал. Үлкен кісілердің өсиеттерін есінде сақтағыш. «Тәтті жеме, көп жесең – тісің ауырады. Қайнамаған суды ішпе, қолыңды жумай дастархан басына отырма.....» деген сияқты ескертпелерге шын сеніп, мойынсұнады да,	Балалар әңгімені тыңдайды.

бұлжытпай орындайды.  
Бірге ойнайтын балалардан да соны талап етеді. Біреуі тәтті жесе немесе су ішсе қолма – қол ескерту жасайды.  
Сондықтан құрбылары оны білгір санайды, өнеге етеді. «Бекжан айтты» деп, кәдімгідей ес тұтады.  
Атасы Бекжанның білуге құштарлығына айрықша ден қояды. Ылғи да жөн сілтеп отырады да, жиі пысықтайды.  
-Бекжан, сен кімнің баласысын?  
-Атамның баласымын.  
-Өзің кімсің?  
-Қазақпын.  
-Қайда тудың?  
-Алматы қаласында.  
-Отаныңды білесіңбе?  
-Білемін, менің Отаным – Қазақстан!  
-Сен қай елдің азаматысың?  
-Қазақ елінің азаматымын.  
-Отаныңды жақсы көресің бе?  
-Отаным – жаным – тәнім.  
-Ержеткенде Отаныңа қызмет етесің бе?  
-Барлық күш – жігерімді Отаныма арнаймын!...  
Сұрақтарға жауап бергенде Бекжанның жанары нұрланып, алма беті албырап кетеді. Бейне аса игі істі тындыратындай жайсаң сезімге бөленеді. Бұған атасы да марқайып қалады. Үміті ұшқындай түсті.

Бекжанның басқа балалардан қандай ерекшелігі бар?  
Қалай ойлайсыңдар, Бекжанның ерекше сезімге бөленуі нәліктен?  
Мен сендерге Бекжанның атасының қойған сұрақтарын қояйын, сендер өз ойларыңды ортаға салыңдар.  
Өзің кімсің?

-Қайда тудың?  
-Отаныңды білесіңбе?  
-Сен қай елдің азаматысың?  
-Отаныңды жақсы көресің бе?  
-Ержеткенде Отаныңа қызмет етесің бе?  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын жатқа білеміз бе?  
Авторларын ше?

Отан туралы өз ойларын ортаға салады.

Балалардың жауаптары.

Балалар жауаптарын айтады.

Әрине білеміз. Қолымызды жүрегімізге қойып орындаймыз.  
Сөзі Ж. Нәжімеденовтікі  
Н.Назарбаевтікі  
Әні Ш. Қалдаяқовтікі

Білімді, өнерлі,

ақылды, еңбексүйгіш бала болуымыз керек.  
1.Отан – оттан да ыстық.

	<p><b>Дәйексөз</b>  «Болашақ бүгіннен басталады» -деген нақылды бүгінгі сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді.  Күні кешегі өткен қысқы Универсиада ойындарында жерімізді, елімізді, танытып, намысымызды қорғаған спортшыларымызды айтпасақ болмайды. Өз елінің патриот азаматы ретінде көк туымызды желбіреткен спортшыларымызға мың алғыс айтамыз.  — Ия, балалар, елін, жерін сүйетін азамат болып шығу үшін қандай бала болуымыз керек?  Дұрыс - ақ, ендеше Отан, туған жер туралы қандай мақал - мәтелдер білеміз?  <b>«Мақалды тап» ойынын ойнайық.</b>  Мнемокестемен салынған мақал-мәтелдерді құрап айтады.  <b>Сергіту сәті</b>  Біз кішкентай баламыз,  Өсіп – өніп толамыз.  Күнге қарай талпынып,  Көкке қолды созамыз.  Қанат қағып ұшамыз,  Қарлығаштай самғаймыз.  Балалар сабақта айтып, үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады.  Менің отаным – Қазақстан.  Мен елімнің азаматымын.  <b>Дәптермен жұмыс. «Сүйем сені, туған өлкем»</b>  -Суретке қарап әңгіме құрастырыңдар, бояңдар.</p>	<p>2.Отан -отбасынан басталады. т. Б  3.Отан үшін отқа түс күймейсің,  Арың үшін алыссаң өлмейсің.т.т.</p> <p>Өлең мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды.</p>
<p><b>Рефлекстік-түзетушілік</b></p>	<p><b>Қорытындылау</b>  Сабағымызды жақсы оқып, еліміздің адал, еңбекқор азаматы болайық. Ер жетіп еліміздің одан әрі көркеюіне, гүлденуіне өз үлесімізді қосайық.  Белгілі ақын атамыз Ж. Молдағалиев:  Өткеніңді еске алсаң,  Өскеніңнің белгісі.  Өткеніңді ұмытсаң,  Өшкеніңнің белгісі,  — деген екен. Сондықтан,  халқымыздың бүгінгі уақытқа дейінгі жеткен жетістіктері өздеріңе аманат.  Сондай - ақ, еліміздің егемендігін танытатын ресми ерекшелік белгілері:  Ана тіліміз, Елтаңбамыз, Туымыз, Ата</p>	

заңымыз, Әнұранымызды бойындағы бойтұмарындай сақтап қана қоймай, қашанда еліміздің, жеріміздің еркіндігін сақтар мықты ұрпақ, мықты азамат болатындарыңа сенімім мол. Еліміздің жанашыр патриоты болайық.

-Біз Отанымыздың кең,байтақ екенін білдік. Біз Қазақстан Республикасының азаматымыз. Біз Отанымызды сүйеміз!

Балалар тақтаға шығып, келесі әріптерді көтереді.

Б- білімімді арнайтын  
О- отанымды қорғайтын  
Л- лаңкестікті даттайтын  
А- адалдықты жақтайтын  
Ш- шуағымды шашатын  
А- асулардан асатын  
Ғ- ғарыш сырын меңгерген  
Ы- ынтымақты тең көрген  
М- менмендікті жек көрген

Қ- қазаққа қызмет ететін  
А- арманына жететін  
З- заңды жақсы білетін  
А- алға қарай жүретін  
Қ- қайырымды елімнің  
С- салтанатты жерімнің  
Т- толықтырам сенімін  
А- абыройын,жігерін  
Н- намысын қолдан бермейтін  
Бәрі: Мен боламын еңбекқор,  
Болашағы елімнің!

**Ән айту:**

Дәрібаевтың «Қазақстан бақытты»- әнін орындайық.

Балалар әрқайсысы

бір әріптен алып шығып ,айтып береді.  
Бәрі қосыла қазақстан бақытты әнін орындайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** -Отан, туған ел туралы түсініктері қалыптасады.

**Игереді:** -Отанға деген сезімдері артып құрбыларына да отан туралы әңгімелеп бере алады.

**Меңгереді:** -Отанына деген сүйіспеншілік сезімі туындайды. Өз елінің кішкентай патриоты екенін сезінеді.

«ЕрТөстік» бөбекжайы

# «Мен өз елімнің азаматымын»



